

## МИКРОКРЕДИТТІК ҰЙЫМДАР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ДАМУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Экономиканы инновациялық-технологиялық белеске өткізу стратегиясы» Жас ғалымдар мен магистранттардың ғылыми-практикалық конференциясы. Т.Рысқұлов атындағы ҚазЭУ, International Business School. Алматы, 25 ақпан 2011 ж. 28-37 бб.

«Стратегия перевода экономики на инновационно-технологическую платформу». Научно-практическая конференция молодых ученых и магистрантов. КазЭУ имени Т.Рыскулова, International Business School. Алматы, 25 февраля 2011 г. сс 28-37

Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған сәттен бастап әл-ауқаты төмен тұрғындарды қолдау мемлекеттік саясаттың алдыңғы қатарлы бағытына айналды. Нарықтық экономикаға өтумен бірге отандық кәсіпкерлер мен тұтынушылардың қаржылық ресурстарға деген сұранысының өсуі қаржылық қызметтерге деген анағұрлым толық қол жетімділіктің болуын талап етті. Өтпелі экономикасы бар көптеген елдердегі сияқты Қазақстанда да шағын кәсіпкерліктің дамуы тұрғындардың өмір сүру деңгейін көтерудің анағұрлым тиімді әдістерінің бірі ретінде қарастырылды. Бұл ретте ең басты компонент ретінде микроқаржыландыру танылды [1].

Экономиканың бір заңдылығы – қазынада жатқан капитал өлі күйінде, әрекетсіз жатпауға тиіс. Өйткені, ақшаның айналымда болып, қолданыста жүруі банкирлерге де, былайғы жұртқа да пайдалы екені еш түсіндірмені қажет етпейтін ақиқат. Міне, осы тұрғыдан келгенде, еліміздің қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық жағдайын, жалпақ жұртшылықтың тұрмысын жөнге келтіретін бірден-бір сала – микроқаржыландырушы ұйымдар екені даусыз.

Президент Н.Ә.Назарбаев Қазақстан қаржыгерлерінің VI Конгресінде сөйлеген сөзінде: «Микронесиелеу жүйесін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет. Шағын бизнестің субъектілері үшін, әсіресе, ауылды жерлерде, қаржылық ресурстарға қол жеткізу үшін қажетті жағдайлар жасалуы тиіс» деп атап көрсеткен болатын. Десек те, неге екені белгісіз, бүгінгі таңда осы микрокредиттік ұйымдарының жұмысын тоқтатып, не болмаса, мүмкіндігін шектеуге құштар белгілі бір мүдделі топтар мен адамдар шығып жатқан сияқты. Ал, микрокредиттік ұйымдар, өз кезектерінде, өздерін тәжірибеде үздік көрсете білді. Жалпы, қазіргі таңда Қазақстанда 1770 микронесиелеу ұйымдары тіркелген. Олардың қатарында көп жылдық тарихы мен алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибесі бар ұйымдармен қатар, осы бизнесте алғашқы қадамдарын енді бастап келе жатқан жас компаниялар да бар [2]. Ал, Статистика агенттігінің деректеріне қарағанда, 2010 жылдың 1 қарашасында елімізде тіркелген микрокредиттік ұйымдар саны 1770 болса, соның 1187-і (67 %) жұмыс істейді екен. 2010 жылы 110 346 қарыз алушы жалпы сомасы 16 427 112 000 теңге көлемінде микронесие алған. Осы мәліметтің өзі микрокредиттік ұйымдарының халық өміріндегі алатын орны мен маңызының қаншалықты екенін байқатып тұрған жоқ па [3].

Микрокредиттеу жүйесінің қалыптасуы мен дамуындағы басты рөлді мемлекет алады, бұл тұстағы оның негізгі міндеті кәсіпкерлік пен бизнестің кеңеюі үшін қолайлы салықтық және инвестициялық жағдай жасау, қаржылық инфрақұрылымды дамыту және кәсіпкерлік субъектілері арасында бәсекелестікті арттыру болып табылады.

Микрокредит беру табысы төмен халықтың тобына, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне, бастапқы бизнеске, яғни банктік қызмет көрсетулерге қол жеткізуге мүмкіншіліктері жоқ клиенттерге қаржы ресурстарын беру арқылы халықтың өмір сүру деңгейін арттыру жөніндегі бірден-бір тиімді құрал болып табылады. Микрокредит берудің

басымдықты мақсаты экономикасы көшпелі елдердегі сияқты, Қазақстанда да кедейшілікпен күресу емес, керісінше халықтың экономикалық белсенді санатындағыларының кәсіпкерлік бастамашылықтарын қолдау болып табылады.

Осыған байланысты, Қазақстан микрокредит секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін, оның жұмыс істеуіне жағдай жасау, орнықтылығын арттыру, шағын кәсіпкерлік пен халықтың қаржылай қолдау көрсету қызметімен қамтылуын кеңейту қажеттілігі маңызды аспект болып табылады [4].

Әлемдік қаржы дағдарысы қаржылық-экономикалық саясаттағы күрделі өзгерістермен бірге алғашқы кезекте банктік-несиелік секторды да түрлендіре түсуге мәжбүрлегені анық. Өйткені, дамудың негізін қалыптастыратын шағын және орта бизнесті қолдау, кез-келген кәсіпті бастау үшін де ең алдымен банктік-несиелік бағыттың орынды әрі қалыпты дамығаны аса қажет. Бұдан бөлек, кәсіпкерлікпен қатар қарапайым шаруаның, тұрмысы төмен жұртшылықтың жағдайын жақсартып, өмір сапасын арттыруда микрокредит жүйесін дамытудың, сондай-ақ микрокредиттік ұйымдардың қызметін жандандырудың маңызы зор. Бұл - мойындалған әлемдік тәжірибе.

Жақында Елбасы ҚР Үкіметі мен ҚР Ұлттық банкі бірлесіп әзірлеген қаржы секторын дағдарыстан кейінгі кезеңде дамыту тұжырымдамасын бекіткен болатын. Тұжырымдама шеңберінде мемлекеттік-жеке әріптестік институтын елдің экономикасын дамытуды қаржыландырудың негізгі тетігі ретінде пайдалану, экономикалық өсу кезеңінде реттеу мен қадағалаудың қатандатылатын, ал құлдырау кезінде жұмсаратын қаржы секторын қадағалаудың контрциклдық қағидатын қолдану шаралары көзделеді. Бұл ретте микрокредиттік ұйымдар мәселесіне де баса назар аударылады. Бұдан бөлек ҚР Ұлттық банкінің жақында жариялаған қаржылық ахуал жөніндегі мәлімдемесінде алдағы уақыттағы микрокредиттік саясатқа баса мән беріліп отыр.

Шындығында да, ел дамуының бүгінгі жағдайында микрокредиттік ұйымдардың маңызы төтенше зор. Өйткені іс қыламын, шаруа жасаймын дегенді былай қоя тұрып, несиені кім алады дегенге келсек, бүгін де қарызсыз жұрт кем де кем. Несиені шаруасын кеңейтіп пайдасын еселегісі келетін кәсіпкерлер де, түрлі жағдайда қажет болғандықтан орташа тап та, бір жұмысты бастағысы келетін осал топқа жататын ынталылар да алғысы келеді. Тіпті қажет болған жағдайда пайыздық өсімнің үлкендігіне, қойылатын шарттың ауырлығына қарамай-ақ алып жататындар баршылық, жеткілікті. Ал бұндай жағдайда микрокредиттік ұйымдарды дамытудың жұртшылық үшін ғана емес, жалпы экономика үшін маңызы зор бола түсетіні айқын. Дегенмен де, бүгінгі таңда Қазақстанда қызмет етіп отырған микрокредиттік ұйымдардың халыққа және экономикаға пайдасы қаншалықты деңгейде екендігі жөнінде пікірлер әркілы болып отыр.

Көптеген мемлекеттерде тиімділігімен танылып отырған микрокредиттеудің негізгі идеясы - жұмыссыз қалған, бір жәрдемақыға күні қараған жандарға, күнкөрісі төмендерге, тіпті босқындарға да өз істерін бастау үшін азғантай бастапқы капитал ұсыну, яғни шағын кәсіпкерлерді ғана емес, мұқтаж жандарды қамти отырып қолдау болып табылады. Осындай кредиттеу арқылы әркімнің өзіне де, басқаға да пайдасы тиетін жұмыспен шұғылдануына көңіл бөлінеді. Микрокредиттеуді алғаш қалыптастырған кәсіпкер Мұхаммед Юнустің өзі кедейлікпен күреске қосқан қомақты үлесі үшін Нобель сыйлығын иеленіпті. «Қолында түгі жоқтың да кредит алуға толық құқы бар» - деген қанатты сөз де осы Бангладештік кәсіпкер М. Юнусқа тиесілі екен [2].

Қазақстан Республикасында микрокредит беру жүйесі 1990-шы жылдардың ортасында пайда болды. Халықаралық жобалар шеңберінде құрылып, кейіннен қоғамдық қор болып қайта құрылған коммерциялық емес ұйымдар бірінші микроқаржы ұйымдары болған. Олар кедейшілікті жеңу және жобалық аймақтардағы халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуді алдарына міндет етіп, шектеулі аумақта халықтың белгілі бір мақсатты тобына халықаралық донорлар дереккөздерін пайдаланып, микрокредит берумен айналысқан.

Шағын бизнесті дамыту және микроқаржы ұйымдарын көлеңкелі сектордан алып шығу мақсатында, 2003 жылы 06 наурызда «Микрокредиттік ұйымдар туралы» ҚР заңы қабылданды. Оның басты мақсаты Заңның бірінші редакциясында анықталғандай, микрокредитті алушылар шағын кәсіпкерлік субъектілері болуы керектігіне байланысты, кәсіпкерлікпен айналысуға тілек білдіруші тұлғаларды қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету болатын. Қазіргі уақытта осы шектеулі талаптар заң жүзінде алынып тасталды [4].

ҚР «Микрокредиттік ұйымдар туралы» Заңына сәйкес, микрокредиттік ұйым бір қарыз алушыға тиісті қаржы жылына арналған Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде микрокредиттер береді.

Коммерциялық микрокредиттік ұйым шаруашылық серіктестік нысанында құрылуы мүмкін. Коммерциялық емес микрокредиттік ұйым қоғамдық қор нысанында құрылуы мүмкін. Коммерциялық емес микрокредиттік ұйым тек қана жеке және заңды тұлғалардың қызметін ынталандыруға бағытталған міндеттерді қамтамасыз ету және оларға ҚР «Микрокредиттік ұйымдар туралы» Заңға сәйкес қаржылық қолдау көрсету мақсатында құрылады.

Микрокредиттік ұйымға бағалы қағаздар шығаруға тыйым салынады.

ҚР «Микрокредиттік ұйымдар туралы» Заңында: «Құрылатын микрокредиттік ұйымның жарғышық капиталының және барлық қатысушылар салымдарының ең төменгі мөлшері Қазақстан Республикасының республикалық бюджет туралы заңында тиісті қаржы жылына арнап белгіленген айлық есептік көрсеткіштің мың еселенген мөлшерінен кем болмауға тиіс» деп көрсетілген [5].

ҚР МКҰ-дың негізгі қаржылық көрсеткіштеріне тоқталсақ:

1. Жалпы ҚР-да МКҰ-мен берілген микрокредиттер саны 2010 жылы 110 мыңнан асып, берілген микрокредиттер сомасы 16 млрд теңгеден асты.

2. МКҰ негізгі мақсатты сегменті жеке тұлғалар болып табылады, сондықтан берілген микрокредиттің жалпы көлемінде микрокредиттің жеке тұлға үшін үлесі 2010 жылы – 110 198 микрокредит немесе 99,8% құрап, берілген микрокредит сомасы 15 990 399 000 теңгені құрады.

3. Микрокредит алуға басты мақсат кәсіпкерлік қызметтің негізін дамыту болып табылады:

– 2010 жылы жеке тұлғалар үшін кәсіпкерлік мақсатқа берілген несиелер саны 23 385, яғни ол жалпы несиелердің сомасының – 21,2% құрап, ал берілген микрокредит сомасы 5 578 529 000 теңгені құрады.

– 2010 жылы жеке тұлғалардың тұтынушылығы үшін берілген несиелер саны 86 813, яғни 78,8% құрап, ал берілген микрокредит сомасы 10 411 870 000 теңгені құрады.

– заңды тұлғаларға берілген микрокредиттер ешуақытта берілген кредиттің жалпы сомасының 10%-нан аспаған, сонымен аталмыш үлестің төмендеуіне нақты тұжырым бар, сол себепті 2010 жылы заңды тұлғаларға берілген несие саны 148 құрап, жалпы берілген микрокредиттің 0,1%-на дейін төмендеп кетті, ал берілген микрокредит сомасы 436 713 000 теңгені құрады.

4. МКҰ, негізінен, қамтамасыз етілген қарызды береді. Жалпы қамтамасыз етілген микрокредиттер саны 2010 жылы 75 912 немесе 68,8% құрады. Соның ішінде жылжымайтын мүлікпен қамтамасыз етілгені 57 127 немесе 52% құрады. Ал кепілдікпен немесе кепілгерге алумен қамтамасыз етілген микрокредиттер саны 18 785 немесе 17% құрады. Қамтамасыз етілмеген қарыз үлесі 2010 жылы 34 434 немесе 31% құрады. Қамтамасыз етілмеген қарыз үлесінің ұлғаюы және кепілдік пен кепілгерлік механизмін қолдану топтық микрокредиттеуді дамытудың жанама куәсі болып табылады.

5. Микрокредиттер мөлшерінің аздығымен ерекшеленеді, әрине, соған сәйкес жоғары пайыздық мөлшерлемесімен де ерекшеленеді. Берілген микрокредит бойынша орташа есеппен алғандағы пайыздық мөлшерлеме мезгіліне және микрокредит берілетін объектілерге де байланысты болады. Нақтырақ айтатын болсақ, қалалық жердегі

микрокредиттік ұйымдардың орташа сыйақы мөлшері: қысқа мерзімді, жеке тұлғалар үшін-25,6%; заңды тұлғалар үшін-18,1%; ұзақ мерзімді, жеке тұлғалар үшін-29,5%; заңды тұлғалар үшін-10,3%. Ауылдық жердегі микрокредиттік ұйымдардың орташа сыйақы мөлшері: қысқа мерзімді, жеке тұлғалар үшін-10,8%; заңды тұлғалар үшін-13,1%; ұзақ мерзімді, жеке тұлғалар үшін-14,2%; заңды тұлғалар үшін-20%.

Дүниежүзілік микроқаржы ұйымдары ассоциациясының деректеріне сәйкес, микроқаржы ұйымдарының дамушы елдердің жиынтық портфеліндегі үлесі 20-40%-ды құрайды. Қазақстанда қазіргі таңда осы көрсеткіш жиынтық кредит портфелінде 1%-ды құрайды [3].

МКҰ дамытудың белгісі кәсіби қоғамдық ұйым құру болып табылады, сондықтан елімізде 2004 жылы құрылған Қазақстан микроқаржы ұйымдарының Ассоциациясы (АМФОК) қызмет етеді [6].

Мемлекет басшысы Халыққа жолдаған «Қазақстан азаматтарының әл-ауқатын арттыру - мемлекет саясатының басты міндеті» атты Жолдауында МКҰ әрі қарай қолдаудың, оның ішінде халықтың жұмыспен қамтылушылығы сияқты халықтың кәсіпкерлік бастамашылығын қолдау мақсатында микрокредиттеудің қолжетімділігін арттыру жөніндегі шараларға баса көңіл бөліп, мемлекет есебінен қолдау көрсету қажеттілігі туралы ерекше атап өтті [4].

Елбасы 2011 жылдың 28 қаңтарында Халыққа жолдаған жолдауында қазіргі таңда Қазақстанда микрокредиттік ұйымдарының ауылдық жерлерді дамытудағы маңызды рөліне баса назар аударып, олардың құқықтық базасы бар екендігін, алайда оларды одан әрі жетілдіріп, заң жобалары мен шаралар кешенін қалыптастыру қажеттігін, ол үшін ағымдағы жылы қосымша үш миллиард қарастырып, ал 2012-2015 ж.ж. бұл қаржыландыруды 10-15 млрд теңгеге дейін ұлғайту қажеттігін айтты [7].

Сонымен қатар қоғамға әлеуметтік әсер етуге бағдарлануға және осы кезде пайда табу микронесиелік ұйым үшін мүмкін жағдай болып табылады.

Бүгінгі күні кедей халыққа қаржылық қызметтерді көрсетуге қатысатындардың алдында бірегей мүмкіндіктер ашылуда. Өзінің қызметін қоғамдық бастауларда бастаған микроқаржыландыру мекемелері кейбір жағдайларда пайда табушы, кәсіби, тұрақты мекемелерге айналуға мүмкіндік алады. Өздерінің қызметтерін біртіндеп коммерциялық негізге ауыстыра отырып, олар қаржылық есептердің айқындығына күш жұмсауда.

Әлемде әлеуметтік миссияның және коммерцияланудың тепе-теңдігі сақталынғандығы көрінетін көптеген мысалдар бар. Әлемнің көптеген елдерінде көптеген филиалдық желілерімен ірі банктер микроқаржыландыру саласында әлеуметтік қорғалмаған халыққа қызмет көрсететін және өздерінің жұмыстарында дәстүрлі қаржылық сектордың соңғы технологияларын пайдаланатын банктер бар.

Бұл ретте «әлеуметтік ықпал» түсінігі қандай мағына береді деген сұрақ туындайды. Біріншіден, бұл МКҰ-дың мақсатты топты қолдауы: кәсіпкерлерді, ауыл тұрғындарын, яғни әл-ауқаты бірінші кезекте елдегі әлеуметтік жағдайға әсер ететін адамдардың санаты. Бұл жағдайда микрокредиттеу өзіне мемлекеттің әлеуметтік қызметтерін алады: әлеуметтік қорғалмаған халықтың әл-ауқатын және өмірінің сапасын жақсарту.

Екіншіден, әлеуметтік ықпалды аталған бастаманы бастаған ұйымның көзқарасынан «қос мақсат» деп аталатын – әлеуметтік және қаржылық нәтижелерге әуенділікпен жету ретінде сипаттауға болады.

МКҰ-дың әлеуметтік әсер етуінің маңыздылығы өте зор. Әлеуметтік әсер ету – бұл процесс, оның көмегімен ұйым әлеуметтік мақсаттарды өмірге айналдырады, нақты көрсеткіштерде және нәтижелерде көрсетілген, клиенттер үшін де, ұйымның өзі үшін де пайда.

Іс жүзінде әлеуметтік әсер ету клиенттер үшін де, ұйымның өзіне де пайдалы, себебі осылай әлеуметтік те, экономикалық та нәтижеге жетеді. Әлеуметтік және қаржылық нәтижелердің қисындасуы МКҰ-дың клиенттердің қажеттіліктерін жақсы түсіну және кішігірім қорларды тиімді жолмен бөлудің арқасында болашақта қаржылық нәтижелерді

жақсартуы мүмкін, осылай қажетсіз шығындардан және тиімсіз қызметтен сақтануға болады. Әлеуметтік әсер етуді басқарудың көмегімен ұйымның беделін, бәсекеге қабілеттілігін және мақсатты топқа нақты пайда алып келетін өнімдерді және қызметтерді жасау қабілеттілігін нығайтуға болады [8].

Статистикалық деректер 2010 жылғы маусым айындағы жағдай бойынша, елімізде 1770 микрокредиттік ұйым тіркелгенін, олардың ішінде 1187 бірлігі (67 пайыз) нақты қызмет ететінін көрсетеді. Ұйымдардың шамамен 80 пайызы қалаларда құрылған. Қалғандары ауылдық жерлерде тіркелген. Бұндай микрокредиттеу жүйесін құруда әлемдік тәжірибе ескеріліп, еліміздің ауылдарында несие алушыларды кредиттік ресурстармен қамтамасыз ету, кепілсіз әрі төменгі пайыздық көрсеткішпен кредит алушылардың қолжетімділігін арттыру шарасы көзделді. Осылайша, әлеуметтік проблемаларды қосымша жұмыс орындарын ашу арқылы шешу, ауылдағылардың табысын арттыру және өңірлердегі кедейліктің деңгейін төмендету шаралары мақсат етілген болатын. Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде бұл идея жүзеге асқандай болды, қалаларда, ауылдық жерлерде микрокредиттік ұйымдардың ауқымды желісі қызметке кірісіп те жатыр. Бірақ, бұндай шағын несие ұйымдарының қазіргі қызметіне көңіл толмаушылық та соңғы уақытта айқын аңғарылып отыр [2].

Қаржы нарығының басқа салаларындағы сияқты МКҰ өрісінде де көптеген шешімін таба алмай жатқан мәселелер бар. Микрокредит беру секторының сапалы дамуына кедергі болып отырған көптеген проблемалар осы уақытқа дейін шешусіз қалып отыр, атап айтқанда:

- МКҰ үшін берілетін қарыздың жетіспеушілігі және бағасының жоғарылығы;
- МКҰ өз қаражатының жеткіліксіздігі;
- МКҰ үшін білікті мамандардың жетіспеушілігі;
- әдіснаманың және микрокредит беру жүйесіне қатысушыларға оқыту бағдарламаларының жеткіліксіздігі;
- МКҰ техникалық базасының төмендігі;
- микрокредит беру мүмкіншіліктері мен шарттары жөнінде халықтың аз ақпараттандырылуы [4].

Бүгінгі күні микроқаржылық ұйымдардың қызметі өте бұлыңғыр, тіпті бұларды «көлеңкелі банктік құрылымға» айналып кетті десе де болады. Бұндай Ұлттық банктің де, Қаржы нарығын қадағалау агенттігінің де бақылауынан тыс қалған ұйымдар өздерінің бастапқыда құрылған идеяларынан ауытқып, мүлдем басқа бағыттағы қызметтермен айналысып отыр. Микрокредиттік ұйымдар әсіресе шалғайдағы халықтың қаржылық және құқықтық сауатының төмендігін өз пайдасына орай икемдеп, тіпті бұндай ниеттерін келісімшарттар барысында да анық көрсетіп отырған. Әсіресе кредиттік ресурстарға қолжетімділік шектеулі болатын аймақтарда осындай жағдай бұрынғыдан бетер белең алған көрінеді. Тіпті кейбір деректерге қарағанда, былтырғы жылы микрокредиттік ұйымдардың атын жамылып, қаржы пирамидалары да қызмет атқарғанға ұқсайды.

Сонымен бірге, сол саладағы мамандар қазіргі елімізде қызмет етіп жүрген микрокредиттік ұйымдардың келісімшарттарына сараптама жүргізе отырып, басым жағдайда, тіпті онда көрсетілетін баптың барлығы бойынша заем алушының құқы бұзылатынын, келісім тек біржақты мүддені көксейтінін анықтапты. Ұйымдардың негізгі идеясы болып табылатын төмен пайыздық ставкалар мен кредиттің қолжетімділігі деген мәселе мүлдем жоқтың қасы. Шындығында, микрокредиттік ұйымдар ең алдымен халықтың осал топтарын қолдауы қажет еді. Бұл бағыттағы шаралардың атқарылуы өте төмен десе де болады. Тіпті Қазақстандағы барлық микрокредиттік ұйымдар жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер секілді қызмет етіп келеді. Ұйымдардың кредиттік пайызы жылдық емес айлық сыйақы болып есептеліп, 3-5 пайыздық деңгейде қалыптасады, осылайша жылдық сыйақысы 60 пайыз шамасын құраса, бұның өзі банктер беріп отырған кредиттен төрт есеге артық деген сөз. Бұдан басқа, көптеген микрокредиттік ұйымдар несие алушыдан түрлі

комиссияны ұстап қалады, мәселен қаражаттың 10 пайызы кредиттік тәуекелдер ретінде алынса, 0,25 пайызға дейін қызмет көрсету есебінен шегеріледі.

Бұдан бөлек келісімшарттарда мерзімінде құйылмағаны үшін айыппұлдық төлемдер мөлшері өте жоғары болса, уақытынан бұрын борышты жабуда төлеушіге ешқандай жеңілдіктер қарастырылмайды, нәтижесінде кредит алушы қаражаттың әу баста белгілеп берген пайызын бәрібір де өтеп шығатын болып отыр. Өйткені көптеген ұйымдарда несиені өтеу кестесі осындай есеппен жасалады. Ал кәсібін бастағысы келетін азаматтың да, кредитке мұқтаждығы зор қарапайым жұрттың да бұнымен келіспеске амалы қалмайтындай. Қаржылық сауаттылықтың төмендігін пайдаланып, жұрттың жағдайын жақсартуға емес керісінше халықты тонауға икемді етіп құрылған бұндай шарттар барлық дерлік микрокредиттік ұйымдардың типтік келісімшарттарында қамтылып отыр. Осындай баптарды қолдану арқылы микрокредиттік ұйым өзінің негізгі құрылу мақсатынан ауытқып, керісінше жұртты жоқшылыққа ұшырататын шығынға батырып, кіріптарлық мәмілелерді жүзеге асыруда.

Тоқтала кететін тағы бір жайт, әлемдік тәжірибеде «микрокредит» ұғымы 1-10 мың доллар арасындағы соманы қамтуы тиіс. Негізі шағын несиеліктің өзі осындай соманы ғана алдыға елестетеді. Елімізде алғашқы кездегі микрокредиттік ұйымдар ұсынатын несие 1 мың айлық есептік көрсеткіш немесе 7 мың 266 доллар шамасын құраған болса, қазіргі күні микрокредиттің сомасы 8 мың АЕК-ті (бір АЕК 2010 жылы 1 512 теңге ) немесе 82 мың 285 долларды құрап отыр. Яғни, микрокредиттік ұйымдар басқаны былай ысырып, екінші деңгейлі банктердің қызметімен айналыса бастады деген сөз. Өйткені, бұндай сома шағын несиеге жатпайды, бұл банктердің шағын және орта бизнес субъектілеріне ұсынатын сомасының деңгейін білдіреді [2].

Қазақстанның микроқаржылық секторы әлі де болса жас. Банктік емес сектордың несиелік қоржындарының республиканың жалпы несиелік қоржынындағы үлесі әртүрлі бағалаулар бойынша елдің жалпы несиелік қоржынының бар болғаны 1%-на жуығын ғана құрайды. Осы саладағы көптеген мамандардың көзқарасы бойынша Қазақстан Республикасындағы микрокредиттік ұйымдардың дамуына шетеу болып өзара өте тығыз байланысты 3 мәселені көтеріп отыр.

Біріншіден, бұл заңдық аспект. Айтылып өткендей «ҚР «Микрокредиттік ұйымдар туралы» Заңға сәйкес, Қазақстанның микрокредиттік ұйымдары акционерлік қоғам ретінде тіркеле алмайды деген тікелей тыйым салу бар және осыған сәйкес олар бағалы қағаздарды шығара алмайды. Бұл шектеу сөзсіз сектордың дамуына және инвесторларды тартуға кедергі келтіруде.

Екінші мәселе – бұл қаржылық аспект, яғни микрокредиттік ұйымдарды қорландыру мәселесі. Жергілікті банктер әзірше бұл секторды несиелендіруге дайын емес. Мемлекет өз тарапынан қандай да бір қадамдарды жасауға тырысуда, бірақ олар қажеттіліктің оннан бір бөлігін ғана (10-15%) қамтуда. Ал халықаралық қарыздарды МКҰ-дың кейбіреулері ғана алады, себебі институционалды инвесторлар МКҰ үшін сәйкес келудің жоғары стандарттарын талап етеді.

Үшінші шектеу – бұл инфрақұрылымдық аспект, яғни микроқаржылық сектордың инфрақұрылымының жөнді дамымағандығы. Қазақстанда МКҰ үшін арнайы консалтингтік және тренингтік орталықтар жоқ, ал микроқаржыландыру бойынша материалдар және басылымдар өте аз. Микроқаржыландырудың өзіндік ерекшеліктерін түсінетін рейтингтік және аудиторлық компаниялар жоқ. ҚР-да нарығында берілген халықаралық рейтингтік және аудиторлық компаниялардың қызметтері микрокредиттік ұйымдар үшін іс жүзінде жетімді емес [8].

Микрокредиттік ұйымдар несиелендірудің үшінші деңгейі болып табылатындығына және аталған сектордың дамуына үлкен көңіл бөлінгеніне қарамастан, бүгінгі күні МКҰ мәртебесіне халықтың тарапынан да, көптеген қаржылық ұйымдардың тарапынан да қарым-қатынастар әлі дұрыс деңгейде емес.

Бұл бірінші кезекте МКҰ-дардың едәуір мөлшерінен тек кішкене бөлігі ғана жақсы атаққа ие болуына және тиімді ұйымдастырушылық құрылымға, білікті мамандарға ие, жөнге салынған бухгалтерлік есептеуді қолдануына байланысты.

МКҰ үшін қоржынның сапасын ашатын (мерзімі өтіп кеткен несиелердің саны, тәуекелдер және басқалар) есеп беру пішімдері жоқ. Олар Ұлттық банкпен және ҚҚА-мен реттелмейді.

Микрокредиттік ұйымдардың қызметі туралы көпшілік мәліметтердің жоқтығы және осы ұйымдардың қаржылық ашықтығының жоқтығы елендетеді. МКҰ-ды қаржыландырудың ықтимал көзі – халықаралық қаржылық компаниялар да және көптеген қазақстандық банктер де – қаржылық нарықтың реттелмейтін субъектілеріне сақтанып қарайды, себебі аталған жайт оларда тұрақтылық және сенімділік туралы күдік туғызады [9].

Қорытындылай келе, несие беру процесі өте жеңіл саналатын, жеке куәлік, СТН және тұрғылықты жерден анықтама сияқты құжаттармен-ақ, кепілдікке қоятын жылжымайтын мүліксіз берілетін несие кезінде талай тұрғынның шаруасын дөңгелетуге мүмкіндік берді. Сондықтан әсіресе банк қызметіне қол жеткізе алмайтын аймақтарда және ауылдық жерлерде микрокредиттік ұйымдардың қызметін кеңейте түсудің маңызы зор еді. Алдағы уақытта бұл саладағы мәселелер өз шешімін тиімді таба біліп, микрокредиттік ұйымдар отандық қаржы нарығында өз орнын тауып, адал қызмет етсе - бұл еліміздің жарқын болашаққа қарай тағы бір қадам басқандығының айқын дәлелі болар еді.

#### **Әдебиеттер:**

1. «Личные деньги», № 3, 2010 жылдың наурыз айы.
2. «ҚазАқпарат» ақпарат агенттігінің мәліметтері.
3. ҚР Статистика бойынша Агенттігі, [www.stat.kz](http://www.stat.kz)
4. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қазақстан Республикасындағы микронесиелік ұйымдарды дамыту жөніндегі 2008 – 2012 жж. арналған шаралар бағдарламасы.
5. Микрокредиттік ұйымдар туралы Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 6 наурыздағы № 392-ІІ Заңы (2010.02.04. берілген өзгерістер мен толықтырулармен).
6. [www.amfok.kz](http://www.amfok.kz)
7. Елбасының 2011 жылдың 28 қаңтарында Халыққа жолдаған жолдауы, [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)
8. «Kazakhstan Finance» электрондық басылымы, 2008 жылдың көктемі
9. «Эксперт Казахстан» № 40 (187)/2008 жылдың 13 қазаны